

"Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 18 наурыздағы N 122-І бұйрығымен бекітілген, 2810 нөмірмен тіркелген Қазақстан Республикасының темір жол көлігімен жолаушыларды, багажды және жүк - багажды тасымалдау ережесін тасымалдаушылардың сақтауын бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 324-І бұйрығына толықтыру және өзгеріс енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2005 жылғы 22 қарашадағы N 363-І Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 6 желтоқсандағы тіркелді. Тіркеу N 3964. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 5 ақпандағы № 110 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 05.02.2015 № 110 бұйрығымен.**

"Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 66-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 18 наурыздағы N 122-І бұйрығымен бекітілген, 2810 нөмірмен тіркелген Қазақстан Республикасының темір жол көлігімен жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдау ережесін тасымалдаушылардың сақтауын бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 324-І бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3069 нөмірмен тіркелген, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2004 жылғы 14 желтоқсандағы N 470-І бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3286 нөмірмен) мынадай толықтыру және өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының темір жол көлігімен жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдау ережесін тасымалдаушылардың сақтауын бақылауды жүзеге асыру ережесінде:

7-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Тексерулер жүргізуге арналған нұсқама "Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2004 жылғы 1 наурыздағы N 12 бұйрығымен бекітілген ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2744 тіркелген)

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің барлық тексерулерін тіркеуге беру және ақпараттық есепке алу құжаттарын жүргізу туралы нұсқаулықтың 11-тармағына сәйкес болуы тиіс";

2-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті (Қ.С.Мұстафин) бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникация  
министрінің  
2005 жылғы 22 қарашадағы  
N 363-І бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникациялар  
министрінің  
2004 жылғы 31 тамыздағы  
N 324-І бұйрығымен бекітілген  
Темір жол көлігімен  
жолаушыларды, багажды және жүк  
багажын тасымалдау ережесін  
тасымалдаушылардың сақтауын  
бақылауды жүзеге асыру  
ережесіне 2-қосымша

**Тексеру жүргізуге арналған**

**KZ N \_\_\_\_\_ НҰСҚАМА**

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүретін жолаушылар поездарына (барлық санаттарына) немесе жолаушылар тасымалдарының шаруашылық жүргізуші субъектілеріне тексеру жүргізу үшін (тексерілетін объектілердің астын сызу қажет)

\_\_\_\_\_  
(бақылаушы органның атауы)

\_\_\_\_\_  
(уәкілетті органның лауазымды тұлғаларының тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_  
жібереді.

Журналда тіркелген күні \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_  
Шаруашылық жүргізуші субъектілердің атауы мен тұрған жері немесе  
станцияның тексерілетін учаскелеріндегі жолаушылар поезының нөмірі  
(қажет емесі сызылып тасталынсын) \_\_\_\_\_  
СТН \_\_\_\_\_, тексеру түрі \_\_\_\_\_, тексеру

\_\_\_\_\_ мәселелері \_\_\_\_\_

Тексеру жүргізу мерзімі \_\_\_\_\_

Тексеру жүргізу кезеңі \_\_\_\_\_

Тексеру жүргізудің негізі \_\_\_\_\_

Осы нұсқама шаруашылық жүргізуші субъектілерді немесе жолаушылар  
поездарын тексеруге құқық береді және оның Қазақстан Республикасы  
Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу  
комитеті мен оның аумақтық органдарында тіркелгеннен кейін күші бар.

\_\_\_\_\_ (уәкілетті орган басшысының тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)